

## Көшеге атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігі Жылға ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 13 шілдедегі N 11 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 13 тамызда N 14-11-143 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, Жылға ауылдық округі Жылға елді мекенінің тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ** **ЕТЕМІН:**

1. Жылға ауылдық округі Жылға елді мекеніндегі аты жоқ көшеге «Құртыбаев Анарбек» атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауылдық округ әкімінің орынбасары С.Алтынбековке жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*Б.Сапарбаев*